

¹Есиркепов Ж.М.^a, ²Абдилаев А.К., ¹Искаков Б.Т.,
²Баймуханбетов Б.М., ²Куанышбаев Б.Ж.

¹Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан

²Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан

ЖАСӨСПІРІМ ГАНДБОЛШЫ ҚЫЗДАРДЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ӨРЕКЕТТЕРІН БАҚЫЛАУ ӘДІСТЕРІН ЖАТТЫҒУ ҮДЕРІСІНДЕ ҚОЛДАНУ

Есиркепов Жандос Мөргенбайұлы, Абдилаев Абдыкалык Кошербаевич, Искаков Тайыржан Бақтыбаевич, Баймуханбетов Бағдат Мұхтарович, Куанышбаев Бахытжан Жаңадилович

Жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық өрекеттерін бақылау әдістерін жаттығу үдерісінде қолдану

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасындағы гандболдың даму ерекшеліктері қарастырылған. Қызылорда және Түркістан облыстарындағы жалпы білім беретін мектептердің дене шынықтыру мұғалімдерімен, сондай-ақ жоғары оқу орындарының профессорлық-оқытушылық құрамымен жүргізілген сұхбаттар негізінде гандбол секцияларының ұйымдастырылу деңгейі мен тиімді жұмыс істеуінің жеткіліксіздігі өзекті мәселе ретінде анықталды. Зерттеудің мақсаты - жаттығу үдерісінде жасөспірім гандболшы қыздардың әдістемелік өрекеттерін бақылау әдісін өнгізу. Осы мақсатқа сәйкес зерттеудің келесі міндеттері анықталды: оқу үдерісінде бақылау карталарын бақылау; зерттеу тақырыбы бойынша жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларымен сұхбат жүргізу; бақылау карталарының деректері негізінде жасөспірім гандболшы қыздардың ойынға әдістемелік дайындығының көрсеткіштерін анықтау. Мақалада жаттықтырушының бақылау карталарын оқу үдерісінде қосымша құрал ретінде тиімді пайдалану жолдары берілген. Ұсынылған бақылау карталары жасөспірім гандболшы қыздардың әдістемелік өрекеттерінің деңгейін, шабуыл мен қорғаныстағы командалық өзара өрекеттесу сапасын шынайы бағалауға, сондай-ақ спортшылардың дене дайындығын жақсарту үдерісін ұтымды жоспарлауға және дене қасиеттерінің басым және әлсіз жақтарын ұтымды жоспарлауға мүмкіндік береді. Зерттеу гипотезасы аясында Қ.Н. есімді «Сығанақ-Жаңақорған» әйелдер құрамасы ойыншысының қимыл-қозғалыс өрекетіне педагогикалық бақылау жүргізіліп, ұжымның жұмыс көрсеткіштері талданды. Эксперимент нәтижелері әдістемелік іс-өрекеттерді жүйелі түрде бақылау, әртүрлі және бірсарынды емес жаттығу құралдары мен әдістерін қолдану, сондай-ақ спортшылардың мотивациясын арттыру жағдайында жасөспірім гандболшы қыздардың дайындық деңгейі көрсеткіштердің жоғарылағанын, бұл өз кезегінде жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге ықпал ететінін дәлелдеді.

Түйін сөздер: гандбол, жасөспірім гандболшылар, техникалық-тактикалық даярлық, бақылау картасы, оқу-жаттығу үдерісі.

Yessirkepov Zhandos, Abdillayev Abdykalyk, Iskakov Tairzhan, Baimukhanbetov Bagdat, Kuanyshbayev Bakhytzhhan

Application of methods for monitoring the technical and tactical actions of adolescent female handball players in the training process

Abstract. The article examines the features of handball development in the Republic of Kazakhstan. Based on interviews with physical education teachers from general education schools in the Kyzylorda and Turkestan regions, as well as with university faculty members, the insufficient level of organization of handball sections and their low operational efficiency were identified as a pressing issue. The aim of the study is to implement a method for monitoring the methodological actions of adolescent female handball players in the training process. In accordance with this aim, the following research objectives were defined: testing the monitoring charts in the training process; conducting interviews with teachers from general education schools and higher education institutions regarding the research problem; determining the indicators of methodological preparedness of adolescent female handball players based on the data from the monitoring charts. The article presents ways for coaches to effectively use the monitoring charts as an auxiliary tool in the training process. The proposed monitoring charts allow for an objective assessment of the level of methodological actions of adolescent female handball players, the quality of team interactions in attack and defense, as well as rational planning of the process for improving athletes' physical fitness and developing both their strong and weak physical qualities. As a research hypothesis, pedagogical observation was conducted on the motor actions of a player from the women's team "Syganak-Zhanakorgan" (K.N.), along with an analysis of the team's performance indicators. Experimentally, it was established that systematic monitoring of technical and tactical actions, the use of diverse and non-monotonous training tools and methods, as well as increased athlete motivation, contribute to improved preparedness of adolescent female handball players, which in turn facilitates the achievement of higher sports results.

Key words: handball, junior handball players, technical and tactical preparedness, control cards, training process.

Есиркепов Жандос Мергенбаевич, Абдилаев Абдыкалық Кошербаевич, Искаков Тайыржан Бақтыбаевич, Баймуханбетов Бағдат Мухтарович, Қуанышбаев Бахытжан Жанадилович

Применение методов контроля технико-тактических действий девушек-подростков, занимающихся гандболом, в тренировочном процессе

Аннотация. В статье рассмотрены особенности развития гандбола в Республике Казахстан. На основе интервью с учителями физической культуры общеобразовательных школ Кызылординской и Туркестанской областей, а также с профессорско-преподавательским составом вузов, недостаточный уровень организации секций по гандболу и их низкая эффективность работы были определены как актуальная проблема. Цель исследования — внедрение метода контроля методических действий девушек-подростков, занимающихся гандболом, в тренировочный процесс. В соответствии с поставленной целью определены следующие задачи исследования: апробация контрольных карт в учебно-тренировочном процессе; проведение интервью с преподавателями общеобразовательных школ и высших учебных заведений по проблематике исследования; определение показателей методической подготовленности девушек-подростков, занимающихся гандболом, на основе данных контрольных карт. В статье представлены пути эффективного использования контрольных карт тренерами в качестве вспомогательного средства учебно-тренировочного процесса. Предложенные контрольные карты позволяют объективно оценивать уровень методических действий девушек-подростков, занимающихся гандболом, качество командного взаимодействия в нападении и защите, а также рационально планировать процесс совершенствования физической подготовленности спортсменок и развитие приоритетных и слабых физических качеств. В качестве гипотезы исследования осуществлялось педагогическое наблюдение за двигательными действиями игрока женской команды «Сыганақ-Жанакорган» К.Н., а также анализ результативных показателей команды. Экспериментально установлено, что при систематическом контроле технико-тактических действий, использовании разнообразных и немонотонных тренировочных средств и методов, а также при повышении мотивации спортсменов наблюдается рост показателей подготовленности девушек-подростков, занимающихся гандболом, что способствует достижению более высоких спортивных результатов.

Ключевые слова: гандбол, гандболисты-подростки, технико-тактическая подготовленность, контрольные карты, учебно-тренировочный процесс.

Кіріспе. Гандбол ойыны 1898 жылы Дания елінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі О.Нильсеннің бастамасымен пайда болғаннан бастап, дүниежүзінің көптеген елдерінде гандболмен шұғылданатындар саны артып келеді. Гандбол 1936 жылы Берлинде өткен ХІ-жазғы Олимпиада ойындарының бағдарламасына енгізілді. Сол кезеңнен бері гандбол әлемдегі ең танымал ойындардың бірі ретінде дамып келеді [1]. Гандболдың ойын ережелері жасөспірім шұғылданушының ойлау қабілеті мен қимыл дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады. Қазақстанда баскетбол, футбол, волейбол ойындарына қарағанда гандбол ойынымен шұғылданушылар үлесі төмен болғанымен, жасөспірімдер арасында Азия ойындары мен Азия чемпионаттарындағы нәтижелері бойынша жоғары тұр. Қазіргі таңда республикалық мектеп оқушыларының спартакиадасы, «Ұлттық мектеп лигасы» мен аудандық, облыстық деңгейде өтетін жарыстарға қатысатын командалардың саны барлық аймақтар бойынша артып келе жатыр. Бұл Қазақстандағы мектептердегі дене тәрбиесі бағдарламасына гандбол спортының енгізілуі мен бұқаралық спортты қолдау мақсатында барлық елді-мекендерде спорт кешендері салынып, спорт секцияларының ашылуымен тікелей байланысты.

Зерттеу барысында спорттық ойындарға, оның ішінде гандболға арналған оқулықтар мен оқу және оқу-әдістемелік құралдарына, ғылыми басылымдарға талдау жүргізілді. Отандық

ғалымдар тарапынан соңғы жылдары спорттың футбол, баскетбол, волейбол спорт түрлеріне бағытталған оқу құралдарына жеткілікті деңгейде мән берілгендігін, ал гандболға арналған арнайы оқулық пен оқу құралдарының тапшы екендігіне көз жеткіздік. Гандболға бағытталған материалдар бірен-саран авторлардың оқу-әдістемелік еңбектерінде қысқаша тарау ретінде берілген [2-4]. Бұл материалдар гандболмен шұғылданушылардың жоғары деңгейде жаттығып, техникалық-тактикалық дайындықтарды терең меңгеру қажеттілігін, ал, жаттықтырушылардың әрбір жаттығу тәсілдері мен ойын ережелерін, қимыл дағдыларын, алаңдағы қозғалыс элементтерін үйретуде жеткіліксіз.

Ал, шетелдік әдебиеттерді талдау барысында гандболды үйрету әдістемесіне арналған оқу құралдарын жеткілікті түрде дайындап баспадан шығарғандығын айқындадық. Сонымен қатар, бірқатар ғалымдардың ғылыми мақалаларына шолу жасалды. Олардың ішінде: Абу Лум Мохаммад пен С.Н.Кривсун өз еңбектерінде бір жылдық қалыптастырушы педагогикалық эксперименттің деректерін келтіріп, гандболды енді бастаған жасөспірім спортшылардың сабақтарында интерактивті электронды оқу құралын қолдана отырып, ақпараттық технологияларды қолданудың тиімділігін тәжірибе жүзінде негіздеген [5]. Нгуен Хыу Чунг пен М.В.Жийяр ғылыми еңбектерінде гандболшылардың студенттік командасын әр түрлі дайындық деңгейіне, оқу және

спорттық іс-шараларды кіріктіру қажеттілігіне, спорттық жарыстардың деңгейіне байланысты даралау қағидасын іске асыру арқылы жарыстарға дайындаудың ерекшеліктерін қарастырады [6]. Ал, С.А.Сидорчук өз еңбегінде ең табысты жасөспірімдер құрамаларының бәсекелестік қызметінің кейбір аспектілерін ұсынып, ұлттық командаларға ізбасарлар даярлау туралы мәліметтерді келтіреді. Зерттеуде алыстан соққы жасаудың тиімділігі талданып, уақыттық көрсеткіштер анықталады, сонымен қатар, бәсекелестік қызметтің нәтижелілігі ойын барысына едәуір әсер ететіндігін нақты дәлелдермен көрсетеді. Жетекші мамандардың қарсыласу үдерісін басқарудың кейбір ерекшеліктерін анықтап, оларды оқу-жаттығу үдерісіне енгізуді ұсынады [7]. О.М.Соловейдің зерттеу жұмысы жасөспірім гандболшыларды даярлау үдерісін басқаруды кешенді бақылау жүргізудің әдістемесіне арналады. Автор команданы тиімді басқарудың тетіктеріне назар аударып, нәтижеге жетудің алғышарттарын көрсетеді [8].

Қазіргі оқу-жаттығу үдерісінде техникалық-тактикалық әрекеттерді үздіксіз бақылау, жаттығу жүктемесін жүйелеу, түрлі қозғалыс ойындарының элементтері басым жаттығу әдістерін жүйелі түрде қолданылады. Maciel et al. (2022) осы бағытта жүргізген зерттеуінде жасөспірім әйел гандболшылардың жүрек соғу жиілігін, ойыншылардың алаңдағы жүріп өткен қашықтығын және дене жүктемесінің көрсеткіштерін салыстырмалы түрде талдап көрсетеді. Нәтижесінде жаттығу жүктемесін кешенді жүйелеу негізінде техникалық-тактикалық әрекеттердің орындалу қарқыны мен сапасын бағалаудың тиімділігін көрсетіп, жаттығу үдерісін ғылыми тұрғыдан жетілдіруге мүмкіндік беретінін дәлелдеп, тәжірибеге енгізеді [9].

Сондай-ақ, M.Stojanović, D.Stojiljković, және L.Milanović (2023) жүргізген жүйелік талдауда «small-sided games» (SSGs) әдісі жасөспірім гандболшылардың әдіс-тәсілдік әрекеттерін дамыту және бағалау құралы ретінде қарастырылады. SSGs әдісінің алаң ортасында доппен командалық әрекеттердің қарқынын арттырып, ойыншылардың тез шешім қабылдауы мен тәсілдік дайындығының өзара байланысының жақсаруына ықпал ететіндігін атап өтеді [10]. Бұл әдіс дене жүктемесінің қарқындылығын арттырып, нақты ойын жағдайында техникалық-тактикалық әрекеттерді мұқият бақылауға мүмкіндік береді.

Бұл екі зерттеудің нәтижелері бірін-бірі толықтырып, жаттығу жүктемесін кешенді бақылау мен SSGs әдісін қолдану арқылы

жасөспірім гандболшылардың техникалық-тактикалық әрекеттерін тиімді бағалап, дамытуға бағытталғандығын көрсетеді. Бұл зерттеу жұмыстары біздің зерттеуіміздің тәжірибелік маңызын тереңдетіп, жаттығу үдерісінде техникалық-тактикалық әрекеттерді басқарудың заманауи әдістерін қолдануға мүмкіндік береді.

Біз жоғарыда көрсетілген ғылыми және оқу-әдістемелік материалдарды жан-жақты саралай келе, гандболды дамыту, оқу құралдарын дайындау, ойын әдістерін жетілдіруді нақтылау және спорт секцияларын өткізуде туындап жатқан мәселелерді анықтау мақсатында Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттерінің профессор-оқытушылары және Түркістан, Қызылорда облыстарының жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі пәнінің мұғалімдерімен сұхбат жүргіздік. Сұхбат 2024-2025 оқу жылының 2-ші академиялық кезеңінде Халықаралық туризм және меймандостық университетінің «Дене шынықтыру және спорт» БББ-дағы білім алушылардың аталған өңірлердегі мектептерде өндірістік-педагогикалық тәжірибеден өту барысында ұйымдастырылды. Сұхбаттасуда алынған мәліметтерді талдау негізінде төмендегідей тұжырым жасалды:

Жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі мұғалімдерінің басым бөлігі жеке оқу орындарында қашықтан (сырттай) білім алғандықтан гандбол ойынының техникасы мен тактикасын, төрешілік және ойын ережелерін тиісті деңгейде меңгермеген. Гандболдан секция жұмысын өткізуге ойын ережелері мен техникалық-тактикалық дайындық жаттығуларының күрделі және спорттық әлеуеттерінің төмен болғандығынан тәуекел етпейді.

Коммерциялық емес жоғары оқу орындарындағы «Дене шынықтыру және спорт» БББ-дағы оқу жұмыс жоспарларында гандбол пәні баскетбол пәнінің құрамында (Баскетбол және гандболды оқыту әдістемесімен) бір семестрде өткізу жоспарланғандықтан негізгі техникалық-тактикалық әрекеттерін үйретуге бөлінген сағаттың аздығын және ойынның бастапқы әліппесін үйретумен ғана шектелетіндіктерін атап өтті. Бұл мектептегі дене тәрбиесі пәнінде гандболдың техникасы мен арнайы жаттығуларын тиісті деңгейде үйренбеген оқушы үшін, ЖОО-да гандбол ойынының техникасы мен тактикасын және ережелерін жетілдіріп, толыққанды меңгеруге мүмкіндіктің жоқ екендігін білдіреді.

Сондықтан дене тәрбиесі мұғалімдері ЖОО-да гандбол ойынының әдіс-тәсілдері мен арнайы жаттығуларын және ойынның негізгі ережелерін өз дәрежесінде меңгермегендіктен спорттық секцияларды өткізуге немқұрайылық танытады. Ал, мектептегі тәжірибелі мұғалімдер күнделікті дене тәрбиесі сабағында волейбол, баскетбол мен футбол ойындарын жиі өткізетіндіктен және мектепте гандболдан басқа спорт түрлерінен жарыстар мерекелік күндер аясында көп ұйымдастырылатындықтан, аталған спорт түрлерінен спорттық секцияларды өткізетін мұғалімдер бойынша мәселе туындамайтындығын алға тартты. Бұл оңтүстік өңірдегі екі облыстың мектептеріне тән мәселе екендігіне назар аударсақ, республиканың басқа өңірлерінде де бұл бағытта өзекті мәселелер бар екендігіне көз жеткізуге болады.

3. ЖОО-ның профессор-оқытушылары университеттерге берілген академиялық еркіндікке байланысты білім беру бағдарламаларында спорттық ойындар пәніне (баскетбол, волейбол, гандбол, футбол, шағын футбол) берілген кредит мөлшері аталған спорт түрлерінің техникалық-тактикалық дайындықтары мен ойын ережелерін меңгертуге аздық ететінін, гандбол ойынының арнайы жаттығулары мен техникалық-тактикалық әрекеттері күрделі болғандықтан бір академиялық кезеңде меңгерту мүмкін еместігін, сонымен қатар, гандбол ойынына деген білім алушылардың қызығушылығының төмен екендігін, мектептерде ең болмағанда ойынның әліппесін үйрету қажеттілігін атап өтті. Сұхбатқа қатысқан барлық оқытушылар мектеп қабырғасынан ойын ережелеріне машықтанбай, жаттығу түрлеріне бейімделмей келген студентпен бір академиялық кезеңде гандболдың техникалық-тактикалық әрекеттерін үйрету өте қиын үдеріс екендігін алға тартады.

Зерттеудің мақсаты: Жасөспірім гандболшы қыздарды жарыстарға дайындауда техникалық-тактикалық әрекеттерін арнайы карталар арқылы бақылау әдісін оқу-жаттығу үдерісіне енгізу.

Зерттеудің міндеттері:

1. Гандболдан «Сығанақ-Жаңақорған» жасөспірім қыздар командасының оқу-жаттығу үдерісінде бақылау карталарын сынақтан өткізу;

2. Қызылорда және Түркістан облыстарындағы мектептердегі дене тәрбиесі мұғалімдерімен тақырып аясында сұхбат жүргізу;

3. Жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттерін бақылау карталары арқылы ойын кезіндегі көрсеткіштеріне талдау жасау.

4. Тақырып аясында отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін талдау.

Зерттеудің гипотезасы. Егер жаттықтырушылар жасөспірімдер арасында гандболдан өткізілетін жарыстар барысында ойыншылардың техникалық-тактикалық әрекеттерін бақылау карталары арқылы жүйелі түрде есепке алып, өзіне тіркеп отыратын болса, онда ойыншылардың жіберген қателіктері мен кемшілік (жетістік) тұстарын дәл анықтап, ойындағы көрсеткіштерін арттыруға мүмкіндік жоғары болады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысы қазақ және орыс тілдерінде соңғы 10 жылда (2015-2025 жж.) жарияланған ғылыми мақалалар мен оқулықтар, оқу және оқу-әдістемелік құралдарды, ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарын шолу негізінде жүргізілді. Әдебиеттерге шолу 4 кезенді қамтыды: іздеу, бағалау, синтез және деректерді талдау. Нәтижелерге сандық талдау жүргізіліп, кестелердегі (кестедегі нақты нәтижелерді сенімді түрде тіркеуді қамтамасыз ететін) деректер анықталды. Сонымен қатар, әдебиеттер мен ғылыми мақалалардағы түйін сөздер арқылы іздеу жұмыстары жүргізілді.

Ғылыми әдебиеттерді іздеу барысында жасөспірім гандболшыларға қатысты 100-ден аса дерек анықталды (ғылыми журналдар мен конференциялардағы ғылыми мақалалар және оқулықтар, сонымен қатар, Ұлттық кітапхана мен ЖОО-ның кітапханаларының сайттары). Анықталған әдебиеттер мен ғылыми мақалалар арасынан 22 дереккөзді зерттеу жұмысында пайдаландық. Әрбір дереккөз зерттеудің мақсат-міндеттері жөнінде негізгі мәліметтерді ұсыну мақсатында терең талданды.

Ғылымиметрлік тұрғыдан зерттеу тақырыбына сәйкес мақалалардың сәйкестігін анықтау үшін алынған ғылыми мақалалардың тақырыптарында түйін сөздердің бар-жоғы, сондай-ақ аңдатпалар мен кіріспе бөлімінің мазмұны талданды. Еліміздегі жасөспірімдер гандболының дамуы, олардың халықаралық аренадағы жетістіктері, гандболдан білікті жаттықтырушылардың ұсыныстары мен пікірлері сараланды және авторлардың спорттық ойындар бойынша көпжылдық тәжірибелері зерттеу жұмысын іске асыру барысында пайдаланылды.

Зерттеу тобы Қызылорда және Түркістан облыстарындағы 17 мектептегі 141 дене тәрбиесі пәні мұғалімдері және Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеттерінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру

бағдарламасының 42 профессор-оқытушыларымен сұхбат жүргізді (1-кесте). Мектеп мұғалімдерімен сұхбат 2024-2025 оқу жылының 2-академиялық кезеңінде студенттердің өндірістік-педагогикалық тәжірибесі кезінде өткізілді. Мектептегі дене тәрбиесі мұғалімдерінің орташа жасы 28 жас, оның ішінде – 59 модератор, 52 сарапшы, 28 зерттеуші, 2 шебер мұғалімдер, ЖОО-нан ғылым докторы – 2, ғылым кандидаты – 9, PhD докторлары – 10, магистр-аға оқытушылар – 21 қамтылды. Сонымен қатар, Қызылорда және Түркістан об-

лыстары бойынша спорт мектептеріндегі қол добынан секция жүргізетін 17 жаттықтырушының жұмыс тәжірибесіне талдау жасалды. Жаңақорған ауданындағы №8 Олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебіндегі 14-16 жасқа дейінгі «Сығанақ-Жаңақорған» қыздар гандбол командасының ойыншысы Қ.Н.-ның алаңдағы қимыл-қозғалыс әрекеттерін бақылау картасы мен команданың нәтижелік картасын тіркеу жүзеге асырылды (2-кесте).

Кесте 1 – Қызылорда және Түркістан облыстарындағы мектептердегі дене тәрбиесі мұғалімдері мен ЖОО-ның профессор-оқытушылар құрамымен жүргізілген сұхбатқа қатысты мәліметтер (n=183).

№	Мектептің/ЖОО атауы	Облысы	Саны
1	Ж.Қыдыров атындағы №54 орта мектеп	Қызылорда	5
2	№192 орта мектеп	Қызылорда	6
3	М.Қарагаев атындағы №51 орта мектеп	Қызылорда	9
4	№10 орта мектеп	Қызылорда	8
5	№55 орта мектеп	Қызылорда	7
6	Сапарбаев атындағы №125 орта мектеп	Қызылорда	8
7	Ататүрік атындағы №17 орта мектеп	Түркістан	11
8	Т.Бегилдинов атындағы №16 орта мектеп	Түркістан	10
9	М.Шоқай атындағы №24 орта мектеп	Түркістан	9
10	Ө.Жәнібеков атындағы №27 орта мектеп	Түркістан	8
11	А.Байтұрсынов атындағы №1 орта мектеп	Түркістан	11
12	М.Жұмабаев атындағы №15 орта мектеп	Түркістан	10
13	Некрасов атындағы №9 орта мектеп	Түркістан	9
14	С.Сейфуллин атындағы №18 орта мектеп	Түркістан	8
15	№28 орта мектеп	Түркістан	9
16	№26 орта мектеп	Түркістан	7
17	№31 орта мектеп	Түркістан	6
18	Халықаралық туризм және меймандостық университеті	Түркістан	13
19	Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті	Түркістан	17
20	Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті	Қызылорда	12

Нәтижелер. Зерттеу тобы Қызылорда және Түркістан өңіріндегі жалпы білім беретін мектептердегі дене тәрбиесі пәні мұғалімдерімен сұхбаттасу кезіндегі жауаптары мен мәселелердің өзектілігін жан-жақты талдай келе мектептерде жүргізілетін гандбол секциясының жетекшілеріне қолдау көрсету мақсатында Қызылорда облысының «Сығанақ-Жаңақорған» қыздар командасының жоғары санатты жаттықтырушысы

Қ.Салыбековпен бірлесіп, спорт секцияларында гандболмен шұғылданатын жасөспірім спортшыларды жарысқа дайындау алдында техникалық-тактикалық дайындықтарына бақылау жүргізу картасын жасадық. Мектептерде жүргізіліп жатқан спорт секциясының жаттықтырушылары оқу-жаттығу үдерісінде жан-жақты ізденіс жасап, тың әдіс-тәсілдерді пайдаланбайтынын ескерсек, біз дайындаған карта негізінде жасөспірім гандбол

шеберлерін түрлі деңгейдегі жарыстарға дайындауда жоғары жетістікке жетуге болатындығын іс жүзінде дәлелдедік.

Гандбол ойынында үздік нәтижеге қол жеткізу үшін әрбір спортшының техникалық-тактикалық дайындықтары мұқият зерделеніп, команданы жарысқа дайындаудың барлық мүмкіндіктері қарастырылып, талдануы тиіс. А.А.Уразбаев өзінің еңбегінде жасөспірім гандболшылардың дене қасиеттерін дамытуға негізделген барлық жаттығулар мен гандболдың элементтері басым қимыл-қозғалыс ойын түрлерін барынша қолдану, ойын барысында жеңіске жетуге және жарыс кезінде жасөспірім ойыншылардың техникалық-тактикалық және қимыл-қозғалыс әрекеттерін анықтауға үлкен мүмкіндік туғызатынын атап өтеді [11]. Бұл, жасөспірім гандболшы қыздардың қимыл-қозғалыс әрекеттері мен ойын әдісін меңгеру қабілеттері мүмкіндігінше жетілдіріліп, бірізге түскен болса, онда оның тәсілдік әрекеттерін негізгі жарыс кезінде барынша кең көлемде қолдануына мүмкіндігі болады. Себебі, жасөспірім гандболшы қыздардың жарыс кезіндегі жан-жақты қимыл-қозғалысы - ойын үдерісіне және ойын барысында басымдыққа ие болуға айтарлықтай көмектеседі. Бұл ұжым ойыншыларының жауапкершілікті терең сезінуі, ортақ мүддеге ұйысуы, қарсыласты жеңуге деген ұмтылысы, ойын алаңындағы белсенділігі, бір-бірін көзсіз түсінуі нәтижесінде жаттықтырушының нұсқауларын мінсіз орындағанда ғана оң нәтиже береді. Жаттықтырушы берген нұсқаулықтарын күнделікті жаттығу үдерісінде қадағалап, жасөспірім спортшылардың тапсырмаларды орындаудағы жауапкершілігін қатаң бақылап отыруы тиіс.

Жасөспірім гандболшы қыздардың үздік нәтиже көрсетіп, техникалық-тактикалық дайындықтарын дамытып, гандбол ойыншысына қажетті дене қасиеттері мен қимыл дағдыларын жетілдіру жаттығулары мен гандболдың арнайы жаттығулары басым қимыл-қозғалыс ойындарын күнделікті жаттығу барысын өткізу бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатқан ғалымдардың ғылыми еңбектерін саралап, терең зерделеу жүргізу негізінде жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық дайындықтарын бағалап отыруға барынша назар аудару қажеттілігін айқындадық. Ғалымдардың гандбол ойынының техникасы мен тактикасын және арнайы жаттығуларын дамытуға бағытталған еңбектерінен «Бос орынға ұмтыл», «Қақпаға шабуыл», «Нысанаға дәл тигіз» «Ойыншыны қорға», «Тосқауылды бұзып өту», «Бер де отыр»,

«Қақпашы ойыны», «Атыс», «Қақпаны дәл көзде» және т.б. қозғалыс ойындарын атап өтуге болады [12, 13].

С.Ө.Ержанов өзінің ғылыми мақаласында елімізде гандбол спортын мүмкіндігінше дамытып, жасөспірімдер спортшылардың республикалық және халықаралық деңгейдегі жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп, жоғары жетістікке жетуі үшін жасөспірім гандболшыларға қатаң шектелген жаттығулар әдісін жүйелі түрде қолдану негізінде денеге түсетін түрлі жүктемелердің көлемін арттырып отыру өз нәтижесін беретіндігіне назар аударады [14]. Жаттықтырушы күнделікті жаттығу барысында жасөспірім гандболшы қыздарды түрлі деңгейдегі жарыстарға тыңғылықты дайындау негізінде техникалық-тактикалық дайындықтарды монотонды жүргізбеу керек. Жаттықтырушы жаттығу түрлерін неғұрлым түрлендіріп, ауыстырып, жеңілден ауырға, қиыннан жеңілге қағидасын негізге ала өткізіп, ойыншылардың техникалық-тактикалық дайындықтарына бақылау жүргізуге негіздеуді қолға алса, соғұрлым жетістікке жету мүмкіндігі артады. Е.Қ.Байжанов тәжірибеде кейбір жоғары санатты жаттықтырушылар оқу-жаттығу үдерісінде ойыншының жеке ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне назар аудармай денеге түсетін шектен тыс жүктемелердің физиологиялық тұрғыдан кері әсер ететінін ескермейтіндіктен жарыс барысында жиі жеңіліске ұшырайтындығы сан мәрте дәлелденгенін алға тартады [15]. Жаттықтырушылар оқу-жаттығу үдерісінде осындай мәселені кеңінен талдап, спортшылардың техникалық-тактикалық әрекеттерін дамытуда ғылыми-әдістемелік еңбектерге, білікті мамандардың тәжірибесіне мән беріп, терең ізденістер жасап, жүктеме көлемін реттеуге назар аударып, ойыншының қимыл дағдыларын дамытатын жаттығуларды заманауи бағытта (әлеуметтік желілердегі тәжірибелі жаттықтырушылардың жаттығу түрлеріне талдау жасап) үйретуге талаптануы қажет.

Зерттеу тобы тақырып аясында жүргізген зерттеу жұмысының нәтижелерін тәжірибеге енгізу мақсатында және жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық даярлықтарын дамыту бағытында «Ұлттық мектеп лигасы» мен мектеп оқшыларының спартакиадасында үздіктер қатарынан көрініп жүрген Қызылорда облысының гандболдан жасөспірімдер құрама командасының аға жаттықтырушысы, жоғары санатты бапкер Қ.Салыбеков, Түркістан облысының бас жаттықтырушысы, жоғары санатты бапкер Т.Н.Акименко, Азия чемпионаты мен Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін жеңімпаздарын

дайындаған, «Қайсар гандбол» клубының президенті, ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы В.Ч.Ким сынды білікті жаттықтырушылардың ұсыныстарын тыңдап, пікір алмасып, көп жылдық тәжірибелерімен ой бөлістік. Аталған мамандардың жасөспірімдер командаларды жаттықтырудағы көп жылдық тәжірибелерінде біз ұсынған әдістің қолданыста болмағандығын және жасөспірім гандболшы қыздарды дайындау барысында өзектілігіне көз жеткіздік. Зерттеу тобының мүшелері жасөспірімдерді жаттықтыруда қандай бапкер болмасын жарыс кезінде команданы басқаруға және командадағы спортшылардың ойындағы техникалық-тактикалық даярлықтары мен қимыл-әрекеттерін бақылауға алуға уақыттың тапшылығын, ойыншылардың әрбір әрекеттерін есепке алып отыру іс жүзінде мүмкін емес екендігін айқындадық. Сондай-ақ, отандық және шетелдік әдебиеттерде бақылау жасау әдісі (есепке алу) жан-жақты зерттеліп, іс жүзінде жүзінде тәжірибеде жүзге асырылмағанын және жасөспірім гандболшы қыздарды негізгі жарысқа дайындау кезінде әрбір қимыл-қозғалысты жіті бақылап, есепке алу әдістері қолданылмағанына назар аудардық.

Орындалатын әрбір қимыл-әрекеттің өзіне тән әдісі бар. Әр әдіс мүлтіксіз, қатесіз әрі таза орындалуы керек. Ол үшін орындайтын қимыл-әрекетті мың мәрте, күнделікті, апта-айлап, қажет болса жылдап, үздіксіз, үнемі қайталап отыру қажет. Сол кезде ол «автоматты» орындалу деңгейіне жетіп, динамикалық негіз қалыптасады. Нәтижесінде әрбір ойыншы ол қимыл-әрекетті, техника мен тактиканы мінсіз және қатесіз жасауға дағдыланып, жаттығуды еркін орындау деңгейіне жетеді.

Әрбір жаттығу сабағы мен дене жүктемесі микро, мезо, макроциклдерге негізделіп жоспарланатынын ескерсек, осы апталық, айлық және жылдық мерзімдегі психологиялық, физиологиялық жүктемелерді тиімді жүйелеудің маңызы өте зор. Әрбір жаттығу мен жарыс спортшыларды шыңдайды, тәжірибесін жетілдіреді, психологиялық күйінің тұрақтылығын реттеуге және күш-қуатының мөлшерін нақты анықтауға көмектеседі.

Бір қарсылас командаға қолданған әдіс-тәсіл келесі қарсылас командаға қолдануға үнемі сәйкес келе бермейді. Дәрігерлік бақылаусыз, жүйесіз, монотонды өткізуге, ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негізделіп, жауапкершілік пен тәртіпке бағытталмаған жаттығу сабағы еш уақытта жетістікке бастамайды. Әрбір жаттығудың өзіндік мөлшері, мақсаты, жүйесі, жүктеме көлемі болуы тиіс.

Әрбір жаттықтырушы жоғарыда айтылған қағидаларды негізге алып, басты ұстанып ретінде тәжірибе жүзінде неғұрлым көп пайдаланса, соғұрлым шәкірттерінің бойында сенім мен жеңіске деген рух қалыптасып, жетістікке барынша тез жетеді.

Зерттеу жұмысында жасөспірім гандболшы қыздардың ойындағы қимыл-қозғалыс әрекеттерін әділ бағалау үшін жарыс барысында техникалық-тактикалық даярлықтары мен қимыл-әрекеттерін бақылап, есепке алудың ең тиімді нұсқасын қарастырдық. Бұл бақылау мен есепке алу карталары жаттықтырушыға спортшыларды жауапкершілікті сезіндіруге, қызығушылығын арттыруға және жаттығу үдерісіне жаңа әдістерді енгізіп, ұжымды командалық достыққа бейімдеп, қатаң тәртіп пен ортақ мүддеге негізделген ұйымшыл команда құруда ең тиімді құрал болып табылады. Ол төмендегідей нақты әрекеттерге негізделіп жүргізілуі керек:

а) жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық даярлықтары мен қимыл-қозғалыс әрекеттерінің қажеттілігі мен тиімділігін бақылау. Ол үшін жаттықтырушы жасөспірім ойыншының алаңдағы негізгі әдіс-тәсілдерді орындауы мен қимыл-әрекеттерін есепке алудың сан алуан түрлерін (бейнетаспаға түсіру, қолмен жазу, стенографиялық және графикалық жазба және т.б.) таңдауына мүмкіндігі болады;

б) графикалық жазба – бұл ойын барысын есепке алудың тиімділігіне қарай қолданылатын әдістің бір түрі. Атап айтқанда, жаттықтырушы өз командасының қорғанысына баса мән беріп, қарсыластың жойқын шабуылына қарсы тосқауылды күшейтіп, шабуылдаушы команданың техникалық-тактикалық әрекеттерін мұқият қадағалап, әрбір қимыл-қозғалыстарын қатаң бақылап, ойыншылардың ойындағы белсенділігін, шабуыл мен қорғаныстағы жеке шеберліктерін жан-жақты зерттеп, бақылап отыруы керек. Біз осы мақсатта гандболдан Қазақстан жасөспірімдер құрамасының және Қызылорда облысының бас жаттықтырушысы «Ұлттық мектеп лигасы» мен мектеп оқушыларының спартакиадасында бірнеше дүркін жеңімпаз атанған команданы дайындаған, жоғары санатты бапкер Қ.Салыбековтың жеке тәжірибесінде (жаттығу үдерісінде) қолданып жүрген графикалық жазба әдісінің тиімділігін назар аудардық. Өйткені, бұл әдісті 2024 жылы Қызылорда облысының гандболдан жас жаттықтырушыларға арналған біліктілік арттыру семинарында «Үздік әдіс» номинациясы бойынша арнайы аталып өтілді. Қ.Салыбековтың осы әдісі негізінде дайындаған

«Сығанақ-Жаңақорған» қыздар гандбол командасы Қызылорда облысының біріншілігінде және ҚР қол добы федерациясының Кубогінде бірнеше дүркін жеңімпаз атанды. Сонымен қатар, аталған команданың екі ойыншысы гандболдан ҚР U 17 жасөспірімдер ұлттық құрама командасының құрамында ойнап, Азия чемпионатында жүлделі орын иеленіп, 2026 жылы өтетін әлем чемпионатына жолдама жеңіп алды. Қ.Салыбековтың бұл графикалық жазба әдісі ғылыми мақала ретінде Ташкент қаласында өткен халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның жинағында жарияланды [16].

в) Қазіргі бәсекеге қабілеттік артып, заманауи технологиялар қарыштап дамыған жаһандану заманында әрбір жаттықтырушы үшін бейнематериалдармен («Youtube» арнасы, әлеуметтік желілер және т.б.) жұмыс жасау барынша тиімді әрі қолжетімді болып отыр. Бұрынғы ойындар мен жарыстардың бейнежазбаларын мұқият қайта қарап, спортшылардың алаңдағы қимыл-әрекеттерін терең зерделеп, техникалық-тактикалық дайындықтарындағы олқылықтар мен басымдықтарды дәл бағамдауға үлкен мүмкіндік жасайды. Осы талдаулар негізінде жіберілген қателіктерге назар аударып, оларды түзету және техникалық-тактикалық әрекеттерді жетілдіру бағытында кешенді жоспар құрып, тиімділікті арттыратын жұмыстар жүргізуге болады. Сонымен қатар, қарсыластың тәсілдік дайындықтарын, жекелеген ойыншылардың күшті және әлсіз тұстарын бақылап, алдағы өтетін жарыстарға тиімді стратегиялық жоспар құрып, команданың спорттық әлеуетін арттыруға мүмкіндік жасайды;

г) Ойын барысында жүзеге асырылған арнайы техникалық-тактикалық әрекеттердің тиімділігін бақылау, сонымен қатар, ойыншының алаңдағы әрбір қимылы мен нәтижелік көрсеткіштеріне назар аударып, жан-жақты талдау үшін стенографиялық жазба әдісін пайдалану таптырмас құрал болып табылады. Бұл әдіс жаттықтырушыға ойын барысында ойыншылардың берілген тапсырмаларды, нұсқауларды, техникалық-тактикалық әрекеттерді орындауда қайсысы оң нәтиже бергенін, қайсы ойыншыда жетістік немесе кемшіліктің орын алғанын нақты бақылауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ойынның әрбір сәтін тіркеу барысында қолданылатын шартты белгілерді анықтап, соның негізінде команданың және әрбір команда мүшелерінің ойынын, алаңдағы қимыл-әрекеттерін, жіберілген қателіктерін терең талдап, алдағы ойынға тас түйін дайындық жасауға жағдай жасайды.

Елімізде спорт түрлерінен өтетін көптеген жарыстарда қолына қалам мен қойын кітапшасын ұстап, ойын жүйесін кітапшасына түсіріп, сызып-жазып жүрген жаттықтырушыларды жиі байқауға болады. Көптеген жарыстарда жаттықтырушылар ойыншылардың техника мен тактиканы орындаудағы және жекелеген қимыл-әрекеттерді жасауда жіберген қателіктерін кітапшасына түртіп отырады. Дегенмен, жаттықтырушылардың бұл әдіс арқылы дәл әрі нақты көрсеткіштерді жинақтауға әрдайым мүмкіндігі бола бермейді. Мұны бірнеше дәлелмен көрсетуге болады:

а) жаттықтырушы бір уақытта ойыншылардың ойындағы қимыл-әрекеттерін бақылап, сонымен қатар, қателіктер мен кемшілік тұстарын анықтап, оны кітапшасына түсіріп, жазба жүргізуге көп уақыт жұмсайды;

ә) ойын барысында команда мүшелеріне кеңес беріп, жекелеген ойыншыларға нұсқау беріп, қателіктерін дер кезінде көрсету қажет болады, сондықтан кітапшаға нақты әрі дәл мәліметті жазу қиындық тудырады;

б) жаттықтырушы бейнежазбаны жарыс (ойын) аяқталғаннан кейін қайта қарап, жіберілген қателіктер мен кемшіліктерді (жетістіктерді) нақтылап, талдау жасауына болады, бірақ бұл үдеріске ұзақ уақыт кететіндіктен жаттықтырушы өткен ойынның барлық элементтерін бүгешүгесіне дейін қарап, команданың әлсіз және күшті тұстарын талдап шығуға мәжбүр болады. Осындай нақты себептерге байланысты графикалық жазба жүргізу әдісі жаттықтырушының көп уақытын алатындығымен сипатталады және қажетті мәліметтерді жинақтауға тиімді бола бермейтіндігімен айқындалады.

Талқылау. Зерттеу тобы Қызылорда және Түркістан облыстары бойынша спорт мектептеріндегі гандболдан секция жүргізетін 17 жаттықтырушының тәжірибесін талдау нәтижесінде олардың күнделікті жаттығу үдерісін дәстүрлі әдістер негізінде жүргізетінін, жаңа ғылыми-әдістемелік материалдарды, жаттығу түрлерін пайдаланбайтынын анықтады. Осы мәселенің өзектілігін ескеріп, білікті салалық мамандардың қатысуымен терең талқылай отырып, республикалық деңгейдегі негізгі жарыстарға тыңғылықты дайындалу мақсатында жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттерін бақылауға және бағалауға арналған арнайы карта әзірлеп, тәжірибеге ендіру ұсынылды. Ұсынылған бақылау жүйесі әрбір жасөспірім гандбол шеберлерінің ойын (жарыс) барысындағы барлық техникалық-тактикалық және қимыл-әрекеттерін мұқият бақылауға арналған жеке кар-

тадан және жеке ойыншының ойын көрсеткіштерін біріктіретін жинақ картасынан, сонымен қатар, команданың барлық мүшелерінің нәтижелерін есепке алатын нәтижелік картадан тұрады.

Бұл әдіс оқу-жаттығу үдерісінің сапасын шынайы бағалауға, жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық дайындығы мен қимыл-әрекеттерін жүйелі түрде бақылауға және жаттығу жоспарын ғылыми негізде құруға мүмкіндік береді.

Ұсынылған бағалау (есепке алу) карталарын тиімді пайдалану мақсатында төмендегідей шартты белгілер алынып, белгіленді: «●» - қақпаға доп дәл енгізілді; «○» - қақпаға доп енгізілмеді; «▲» - допты командаласына беру сәтті орындалды; «▼» - допты командаласына беру сәтсіз орындалды; «▶» - қорғанысты бұзып өту сәтті орындалды;

«■» - тосқауыл қою сәтті орындалды; «□» - 7 метрлік айып добын орындау сәтті орындалды.

Біз осы ғылыми мақалада республикалық «Ұлттық мектеп лигасы» аясында гандболдан 14-16 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар арасында өткізілген облыстық іріктеу жарысында кездескен «Сығанақ-Жаңақорған» - «Қазалы» командалары арасындағы ойынның бір кезеңінде ойыншы Қ.Т.-ның техникалық-тактикалық дайындығы мен қимыл-әрекеттерін бақылау картасын, бір кезеңдегі (25 минут) ойыншының жиынтық нәтижелілік картасын және осы ойын барысындағы «Сығанақ-Жаңақорған» - «Қазалы» командаларының бір кезеңдегі нәтижелілік картасын қарастырамыз. Ойын барысында есепке алынған барлық көрсеткіштер жиынтығы 2-кестеде беріледі.

Кесте 2 - 14-16 жасқа дейінгі жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық дайындығы мен қимыл-әрекеттерін бақылау картасы арқылы «Сығанақ-Жаңақорған» командасының ойыншысы Қ.Т.-ның ойынын 7 негізгі жаттығу көрсеткіштері негізінде бақылаудың нәтижелері

Әдіс-тәсілдік әрекеттер мин/сек.	Бірінші кезең																								
	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25
қақпаға доп дәл енгізілді		●			●						●							●		●				●	
қақпаға доп енгізілмеді	○		○	○			○		○					○			○				○			○	
допты командаласына беру сәтті орындалды	▲			▲		▲		▲		▲			▲		▲		▲	▲			▲		▲		▲
допты командаласына беру сәтсіз орындалды			▼		▼						▼					▼								▼	
қорғанысты бұзып өту сәтті орындалды				▶					▶				▶				▶		▶			▶			
тосқауыл қою сәтті орындалды		■			■							■				■				■				■	
7 метрлік айып добын орындау сәтті орындалды					□															□					

Ескерту: кесте авторлармен құрастырылды

Бұл ұсынылып отырған жасөспірім гандболшы қыздардың ойын барысындағы техникалық-тактикалық және қимыл-әрекеттерін бақылауға

арналған бағалау картасы жаттықтырушыға ойынның алғашқы минутынан бастап ойыншының көрсеткіштерін дәл анықтауға көмектеседі.

Аталған әдіс негізінде жаттықтырушы жасөспірім гандболшы қыздардың жекелеген көрсеткіштерін ғана емес, оның ойын кезіндегі 10 негізгі техникалық-тактикалық әрекеттерін орындау сапасын сандық және пайыздық критериймен талдауына мүмкіндігі болады. Нақты айтқанда, карта арқылы келесі техникалық әрекеттердің орындалу деңгейін жүйелі түрде есепке алуға ықпал етеді: доппен қозғалу тәсілі; допты секіріп лақтыру тәсілдері; допты екі және бір қолмен қағып алу тәсілдері; алдау айла-әрекеттері; шабуылшының қорғанысты бұзып жарып өту әрекеттері; тосқауылды сауатты құру тәсілінің орындалу сапасы; допты ойынға қосудың дұрыстығы; 7 метрлік айып соққыларын орындау әдісі; қорғаныста жіберілген қателіктердің қарсыласқа соққы жасауға ықпал ету деңгейі; әр ойыншының әдістәсілдік әрекеттерді орындау шеберлігін жинақтап, бақылап отыру.

Бұл бағалау картасын жасөспірім гандболшы қыздардың ойын кезіндегі жеке және командалық әрекеттерін кешенді түрде бақылауға, талдауға және жаттығу үдерісін дұрыс жоспарлауға бағытталған өте тиімді әдіс ретінде қолдануға болады.

Аталған әдістемелік құрал жаттықтырушыға жасөспірім гандболшы қыздардың жеке әдістік шеберлігін, ойын кезінде қолданатын әртүрлі әдістердің орындалу деңгейін, техникалық-тактикалық әрекеттерді меңгеруін мұқият бақылауға көмектеседі. Сонымен қатар, ол ойыншының жалпы және арнайы дене дайындығының күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік және икемділік сияқты дене қасиеттерін жетілдіретін тұстарын анықтап, оларды дамытуға арналған жаттығу үдерісін сапалы әрі оңтайлы жоспарлауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, бақылау картасын пайдалану жасөспірім гандболшы қыздардың психологиялық күйін тұрақтандыруда аса маңызды құрал болып табылады. Бұл әдісті ойын (жарыс) барысында тиімді қолдану жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық шеберлігін дамытып, өзіне сенімділігін арттыруда маңызы зор. Сонымен қатар, ойындағы әрбір нәтижені жоғары деңгейдегі гандболшылардың көрсеткіштерімен немесе қарсылас команданың деңгейімен салыстырып, жан-жақты талдап, нақты шешім қабылдауға ықпал етеді.

Гандболдан 14-16 жасқа дейінгі жасөспірім қыздар арасында өткізілген облыстық іріктеу жарыстың ойын нәтижелерін талдау барысында ұсынылған карталарды пайдалану негізінде нақты қажетті ақпараттар алынды. Барлық алынған

мәліметтер негізінде жарыс кезінде жеңілуге себеп болған қателіктер мен кемшіліктерді айқындадық. Оларды 3-кестеде көрсетілген мәліметтерден көруге болады: қақпаға доп дәл енгізілді – 54,5%; қақпаға доп енгізілмеді – 81,8%; допты командаласына беру сәтті орындалды – 70,5%; допты командаласына беру сәтсіз орындалды – 29,4%; қорғанысты бұзып өту сәтті орындалды – 54,4%; тосқауыл қою сәтті орындалды – 66,6%; 7 метрлік айып добын орындау сәтті орындалды – 50,0%-ды құрады.

Ал, 4-кестеде жарыс кезінде бір кезеңдегі команданың ойын нәтижелерін талдау бойынша мәліметтер берілген. Бұл мәліметтер жаттықтырушыға бақылау карталарын қолдану негізінде жасөспірім гандболшы қыздардың дайындық деңгейлерін жан-жақты талдауға көмектеседі. Осындай терең талдаулар арқылы ойыншылар мен команданың техникалық-тактикалық және қимыл-қозғалыс әрекеттерді орындау кезінде жіберген қателіктері мен кемшіліктерін дәл анықтауға, сондай-ақ, қандай дене қасиеттері мен дене жаттығуларын дамыту қажет екендігін нақтылауға мүмкіндік береді.

Бұл мәліметтер жаттықтырушыға оқу-жаттығу үдерісін жетілдіруге, жаттығу құрылымын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан оңтайландыруға, әрбір ойыншының қимыл дағдылары мен техникалық-тактикалық әрекеттерін дамытуға бағытталған тиімді жаттығу бағдарламасын құруға септігін тигізеді.

Жаттықтырушы бұл бақылау карталарын жаттығу (жарыс, ойын) үдерісінде күнделікті қолдану арқылы жасөспірім гандболшы қыздардың ойын кезіндегі техникалық-тактикалық әрекеттер мен арнайы қимыл-қозғалыстарды орындау барысындағы кемшіліктері мен қателіктерін, сонымен қатар, ойыншылардың қандай дене қасиеттері мен дене дайындықтарын дамытатын жаттығу түрлеріне артықшылық беру қажеттілігін дәл және нақты саралауға мүмкіндік береді.

Жаттықтырушы оқу-жаттығу үдерісінде осы ұсынған техниканы барынша тиімді қолдану үшін келесі талап-ережелерге назар аударуы өте маңызды:

Ұсынылған бақылау карталарын қолдану ойынның (жарыстың) барлық бөлігін бақылап, бағалауға арналмағанын назарда ұстау керек. Бұл әдіс тек ойын барысындағы жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттерін бақылауға, олардың орындау сапасы мен кемшілік тұстарын саралауға, сондай-ақ сандық және сапалық (пайыздық) тұрғыдан жан-жақты талдау жасауға көмектеседі.

Кесте 3 – гандболшы Қ.Т.-ның бір кезеңдегі (таймдағы) нәтижесі.

Әдістік әрекеттер		Ойыншының нәтижесі													
		●	%	○	%	▲	%	▼	%	▶	%	■	%	□	%
Қақпаға доп дәл енгізілді		11/6	54,5												
Қақпаға доп енгізілмеді				11/9	81,8										
Допты командаласына беру сәтті орындалды						17/12	70,5								
Допты командаласына беру сәтсіз орындалды								17/5	29,4						
Қорғанысты бұзып өту сәтті орындалды										11/6	54,4				
Тосқауыл қою сәтті орындалды												9/6	66,6		
7 м айып добын орындау сәтті орындалды														4/2	50,0
Қорытынды:	саны	6		9		12		5		6		6		2	
	%		54,5		81,8		70,5		29,4		54,4		66,6		50,0

Ескерту: Мысалы, Қақпаға доп дәл енгізілді. 43 орындаудан сәтті орындалғаны - 24. Кесте авторлармен құрастырылды.

Кесте 4 – команданың бір кезеңдегі (таймдағы) нәтижесі.

Әдістік әрекеттер		Ойыншының нәтижесі													
		●	%	○	%	▲	%	▼	%	▶	%	■	%	□	%
Қақпаға доп дәл енгізілді		43/24	24												
Қақпаға доп енгізілмеді				52/43	43										
Допты командаласына беру сәтті орындалды						117/67	57,2								
Допты командаласына беру сәтсіз орындалды								132/117	88,6						
Қорғанысты бұзып өту сәтті орындалды										31/22	70,9				
Тосқауыл қою сәтті орындалды												17/13	76,4		
7 метрлік айып добын орындау сәтті орындалды														7/5	71,4
Қорытынды:	саны	24		43		67		117		22		13		5	
	%		55,8		82,6		57,2		88,6		70,9		76,4		71,4

Ескерту: Кесте авторлармен құрастырылды.

Жарыс (ойын) барысында шынайы әрі нақты деректерді алу үшін гандболдың ойын ережелерін жоғары деңгейде меңгерген, ойын жағдаяттарын теориялық және практикалық тұрғыдан терең сезінетін, төрешілік дайындығы бар, ойындағы іс-қимылдарды мұқият бақылап, талдай алатын алты бақылаушы қажет. Ал, жекелеген гандболшылардың шеберлік қабілетін,

техникалық-тактикалық дағдыларды меңгеру сапасын, дене қасиеттері мен дене дайындық көрсеткіштерін бағалау үшін екі бақылаушы жеткілікті.

Карталар арқылы бақылау жүргізу үшін, оның нәтижелі болуы үшін алдын ала дайындық жүргізген тиімді болады. Егер барлық екі кезеңге (таймға) бақылау жүргізу қажет болса,

карталардың санын көбейтіп, жеткілікті көлемде алдын ала дайындап қою қажет.

Кез келген спорт түрінде екі-үш ойын нәтижесіне сүйеніп, талдап, саралап тұжырым жасау ғылыми тұрғыдан сәтті болмайды. Себебі, бақылау үдерісі жүйелі жүргізілмесе гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық шеберлігі мен дене дайындық көрсеткіштерінің қандай деңгейде екендігін айқындау қиындық туғызады. Жаттықтырушы үнемі, үздіксіз бақылау жүргізгенде ғана спортшылардың ойын және жарыс барысында жіберетін қателіктері мен кемшілік тұстарын анықтап, оларды түзетуге, жетілдіруге арналған жаттығу жүйесі құруға, қай бағыттағы жұмыстарды оңтайландыруға назар аудару қажеттілігін анықтауға, жаңа жаттығу үдерісінің жоспар-бағдарламасын, жаттығу мазмұнын белгілеуге мүмкіндік алады.

Бұл ұсынылған әдістемелік әдістің тиімділігіне, барлық жаттықтырушылар оқу-жаттығу үдерісінде пайдалануына 100% кепілдік беру мүмкін еместігін ескеруіміз керек. Алайда, осы бақылау әдісін қолдану арқылы жасөспірім гандболшы қыздарды жауапты жарыстарға даярлауда жоғары нәтижеге жеткендігін атап өтеміз. Атап айтқанда: Жаңақорған ауданының «Сығанақ-Жаңақорған» жасөспірім қыздар гандбол командасы облыс біріншілігінде жеңімпаз атанып, республикалық «Ұлттық мектеп лигасында», мектеп оқушыларының спартакиадасында, ҚР гандбол федерациясының Кубогы үшін өткен жарыстарда Қызылорда облысы құрамасының негізі осы команданың мүшелерінен жасақталды. Сонымен қатар, осы команданың екі ойыншысы Қазақстан жасөспірімдер құрамасының мүшесі ретінде 2025 жылы Қытай елінде өткен Азия чемпионатында үздіктер қатарынан көрініп, 2026 жылы өтетін әлем чемпионатына қатысу жолдарына ие болды. Бұл ұсынылып отырған бақылау карталарын оқу-жаттығу үдерісінде жүйелі түрде қолдану спортшылардың техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіруге, қимыл дағдылары мен жаттығу сапасын жақсартуға және ойыншылардың негізгі көрсеткіштерінің өсуіне айтарлықтай ықпал еткенін атап өтеміз. Осы бақылау карталарын оқу-жаттығу үдерісінде пайдаланудың басым жақтары мен әлсіз тұстарын саралап, әрбір элементтеріне жасалған талдау жұмыстарына назар аударсақ:

Басым жақтары. Бұл карталық бақылау жүйесі гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттері мен қимыл дағдыларын игеру деңгейін, дене қасиеттерінің көрсеткіштерін, серіктесіне нәтижелі пас беру, қақпаны дәл көздеу, серіктестің қимыл-әрекетін, айла-тәсілдерін ым-

мен (көзбен) түсіну, қарсыласқа тосқауыл қою, айып добын дәл соғу, қорғанысты бұзып жарып өту, қарсыласты алдарқататын жалған қимылдарды сәтті орындау сияқты негізгі ойын әдістерін (элементтерін) орындау деңгейін шынайы (әділ) бағалауға мүмкіндік жасайды. Бұл ақпараттар ойын барысында (жауапты кездесу барысында) команда мүшелерінің қателіктері мен кемшілік тұстарын түзетіп, жетілдіруге бағытталған оқу-жаттығу үдерісін тиімді жоспарлауға, ойыншылардың сенімділігі мен белсенділігін арттыруға айтарлықтай көмегін тигізеді.

Сонымен қатар, картамен бақылау жүргізу қосалқы ойыншыларды бақылаушы ретінде тартуға, олардың ойын үдерісін талдауына, үздік ойыншылардың техникалық-тактикалық әрекеттерін меңгеруіне, кемшіліктер мен жетістіктерді саралауына мүмкіндік тудырады. Сонымен қатар, қосалқы ойыншыларға өз командасының қимыл-әрекеттерін үздіксіз бақылау арқылы ойын кезінде орын алған қателіктерді талдап, техникалық-тактикалық әрекеттерді саналы түрде қабылдап, алаңдағы екі команда ойыншыларының техника мен тактиканы сәтті және сәтсіз орындаған қимыл-әрекеттерін жетілдіруге мүмкіндік алады. Бұл әдістің басты басымдықтарының бірі - болашақта әрбір ойыншыны жаттықтырушылық қызметке бейімдеуге, алаңдағы ойыншылардың қателіктері мен кемшілік тұстарын дер кезінде бағамдауға, оңтайлы шешім қабылдауға ықпал етуге дайындау. Себебі, бақылау үдерісіне қатысу арқылы команданың психологиялық тұрақтылығын сақтауға, ойыншылардың жеке көзқарастарын сезінуге, жаттықтырушының әділ әрі тез шешім қабылдау мүмкіндігін түсінуге және гандбол ойынына деген мотивациясын арттыруға ықпал етеді.

Бұл әдістің тағы бір құнды тұсы - жаттықтырушының жұмысын жеңілдетіп, карталар арқылы қосалқы ойыншылардың көмегімен бақылау жүргізу барысында ойыншылардың қателіктері мен кемшілік тұстарын түртіп алуға уақыт жоғалтпай, ойын тәсілдеріне, жеке ойыншылардың басымдықтары мен әлсіз тұстарына бағыт-бағдар беруге көмектеседі. Сонымен қатар, ойыншылардың психологиялық күйін тұрақтандырып, жауапкершілік деңгейін арттырып, техникалық-тактикалық әрекеттерді дұрыс орындауына және шеберлік деңгейінің өсуіне оң әсер етеді.

Әлсіз тұстары. Бұл әдістің басты кемшілігі ретінде - жинақталған мәліметтер ойыншының техникалық-тактикалық әрекеттерін анықтаумен ғана шектеледі. Сонымен қатар, бақылау

сапасының шынайы болуын арнайы тәжірибесі бар, ойын ережелері мен ойыншылардың техникалық-тактикалық әрекеттерін түсінетін және арнайы дайындық деңгейі жоғары бақылаушылар болуы тиіс. Бұл әдісті ойын (жарыс) барысында үнемі (жүйелі түрде) қолдану ойыншылардың жеңіске деген рухын оятып, техника мен тактиканы қатесіз орындауға жұмылдырып, командалық ауызбіршілікті арттыратын негізгі факторлардың бірі ретінде қарастыруға болады.

Қорытынды. Зерттеу барысында қойылған мақсат толықтай қарастырылды. Міндеттер бойынша оң нәтижелер алынды. Тақырып аясында отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми еңбектеріне жан-жақты талдау жасалып, алдын ала жасалған болжамдар өз нәтижесін берді. Гандболдан «Сығанақ-Жаңақорған» жасөспірім қыздар командасының оқу-жаттығу үдерісінде бақылау карталарын сынақтан өткізіліп, көрсеткіштері мен нәтижелеріне жан-жақты талдау жасалды. Мектептердегі дене тәрбиесі мұғалімдерімен және ЖОО-дағы профессор-оқытушылар құрымымен жүргізілген сұхбат нәтижесінде туындаған мәселелер анықталды.

Зерттеу тобы жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттерін арнайы карталар арқылы бақылау әдісі барлық жаттықтырушылар үшін міндетті болып табылмайтындығын ерекше атап өтеді. «Ең мықты әдістің өзі ең әлсіз әдістің бірі болуы мүмкін» - деген қағидалы сөздің өзі ең үздік деген әдістің үнемі жоғары табысқа жеткізбейтінін көрсетеді. Сондықтан осы тәжірибеге қатысты барлық ұсыныстарды қабылдауға әзірміз. Дегенмен, бұл ұсынылған бақылау картасы жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттерін жүйелі түрде талдап, саралауға мүмкіндік беретін тиімді әдістердің бірі ретінде санаймыз. Бұл әдіс негізінде жаттықтырушы оқу-жаттығу үдерісінде және әртүрлі деңгейдегі

жарыс барысында өзінің командасы мен қарсы команданың ойын тәсілдерін, жекелеген ойыншылардың көрсеткіштерін, нәтижелерін, шеберліктерін, психологиялық даярлығын және техникалық-тактикалық әрекеттерін терең талдап, саралауға мүмкіндік береді. Жеке деректерді дер кезінде жинақтау ойыншының апталық, айлық және көпжылдық дайындықтарының кемшілік тұстарын бағамдауға, техникалық-тактикалық даярлықтарын дамытуға, дене қасиеттері мен арнайы және жалпы дайындықтарын жетілдіруге, техникалық-тактикалық шеберліктерін жүйелі түрде арттырып отыруға жағдай жасайды.

Бұл бақылау карталарын жасөспірім гандболшы қыздардың техникалық-тактикалық әрекеттерін дамытудың негізгі көрсеткіштердің бірі ретінде қарастыруға болады. Сонымен қатар, әрбір жаттықтырушы бұл әдісті жеке тәжірибесіне сәйкес бейімдеп, тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізуіне әбден болады. Бұл әдісті басқа да спорттық ойын түрлерінде қолданып, команданың басымдықтары және әлсіз тұстарын, ойыншылардың қателіктері мен кемшіліктерін дер кезінде анықтап, түзетуге пайдалануға болады.

Барлық жаттығу ғылымға негізделу керек деген қағидаға назар аударсақ, жаттықтырушының басты міндеті - барлық оқу-жаттығу үдерісін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеп, үздіксіз ізденісте болып, білікті мамандар мен ғалымдардың ұсыныстарын, жаңа техникалық-тактикалық әрекеттерді назарға алып, жаттығу сабақтарын жоғары деңгейде ұйымдастыру. Ойыншының жеке техникалық әрекеттерімен қатар, команданың тактикалық қимыл дағдыларын жүйелі есепке алып, ойыншылардың психологиялық күйін тұрақтандырып, әрдайым қолдау көрсетіп, кез келген қиындықты еңсеруге мотивация беру - үздік көрсеткішке жетудің ең маңызды алғы шарттарының бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Джеменов П.С., Бекбергенова М.Н., Уразова Ғ.М. Спорт мектептеріндегі кол добын ұйымдастыру-әдістемелік ерекшеліктері: оқу құралы. - Тараз, 2021. - 102 б.
- 2 Бөдеев М.Т., Рамашов Н.Р. Спорт ойындары: оқу құралы. - Алматы, 2016. - 280 б.
- 3 Жүнісбек Д.Н. Гандбол ойынын оқыту әдістемесі: оқу құралы. - Алматы, 2019. - 80 б.
- 4 Сихымбаев Қ.С., Қилыбаев А.А. Спорттық ойындар: оқулық. - Алматы, 2022. - 320 б.
- 5 Абу Лум Мохаммад, Кривсуэн С.Н. Эффективность применения методики обучения семилетних детей гандболу с использованием информационных технологий // Физическая культура. Спорт. Туризм. Двигательная рекреация. - 2025. - Т.10. - №2. - С. 66-70. - DOI: 10.47475/10.47475/2500-0365-2025-10-2-66-70.
- 6 Нгуен Х.Ч., Жийяр М.В. Особенности построения подготовки команды студентов гандболистов к соревнованиям // Ученые записки университета имени П.Ф. Лесгафта. - 2020. - №8(186). - С. 218-223.
- 7 Сидорчук С.А. Некоторые особенности реализации бросков в соревновательной деятельности команд - лидеров мирового юношеского гандбола // Теория и методика детско-юношеского спорта. - М.: ГЦОЛИФК. - 2014. - №3. - С. 18-22.

- 8 Соловей О.М. Комплексный контроль как фактор управления подготовкою гандболистов // Вестник ЧДПУ им. Т.Г. Шевченка. – 2006. - №35. - С. 319-321.
- 9 Maciel F.O., Miranda R., Ferreira Júnior J.B., Goulart T., Brandão F., Werneck F.Z., Bara Filho M.G. Analysis of different training load monitoring methods in youth women handball players // Apunts Sports Medicine. - 2022. - Vol. 57. - №215. - Art. 100381. - DOI: 10.1016/j.apunsm.2022.100381.
- 10 Stojanović M., Stojiljković D., Milanović L. Effects of small-sided games on technical-tactical actions and physical performance in handball: a systematic review // Human Movement. - 2023. - Vol. 24. - №3. - pp. 17-30. - DOI: 10.5114/hm.2023.120499.
- 11 Уразбаев А.А. Гандбол элементтері басым қозғалыс ойындарын дене тәрбиесі сабағында қолдану жолдары // Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. - Түркістан, 2018. - Б. 365.
- 12 Есіркепов Ж.М., Егізбаев Ж., Ким А.В. Қимылды-қозғалыс ойындарды оқыту әдістемесі. Оқу-әдістемелік құралы. - Қызылорда, 2020. - 116 б.
- 13 Қарақов А., Тайжанов С., Қарақов Б.С., Абишов К.С. Қозғалыс белсенділігі - дене тәрбиесінің бастауы: әдістемелік құралы. - Алматы, 2022. - 134 б.
- 14 Ержанов С.Ө. Гандбол ойынында қатаң шектелген жаттығулар әдісін қолдану // Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Қызылорда, 2022. - Б. 465.
- 15 Байжанов Е.К. Дене жүктемесінің ағзаға физиологиялық әсері // Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. - Ақтөбе, 2021. - Б. 450.
- 16 Салыбеков К., Айдаров К. Эффективность использования метода графической записи в игровом процессе // Матер. междунар. науч.-практич. конф. - Ташкент, 2024. – С. 360.

References

- 1 Dzhekenov P.S., Bekbergenova M.N., Urazova F.M. Sport mektepterindegi kol dobyn yjymdastyru-әдістемелік ерекшеліктері: оқу құралы. - Taraz, 2021. - 102 б.
- 2 Бөдеев М.Т., Рамашов Н.Р. Спорт ойнады: оқу құралы. - Алматы, 2016. - 280 б.
- 3 ЗҺүнісбек Д.Н. Гандбол ойнау оқыту әдістемесі: оқу құралы. - Алматы, 2019. - 80 б.
- 4 СҺһымбаев Қ.С., ҚҺһыбаев А.А. Спорттық ойнау: оқулық. - Алматы, 2022. - 320 б.
- 5 Abu Lum Mohammad, Krivsun S.N. Effektivnost' primeneniya metodiki obucheniya semiletnih detej gandbolu s ispol'zovaniem informacionnyh tekhnologij // Fizicheskaya kul'tura. Sport. Turizm. Dvigatel'naya rekreaciya. - 2025. – Т.10. - №2. - С. 66-70. - DOI: 10.47475/10.47475/2500-0365-2025-10-2-66-70.
- 6 Nguen H.CH., ZHijyar M.V. Osobnosti postroeniya podgotovki komandy studentovgandbolistov k sorevnovaniyam // Uchenye zapiski universiteta imeni P.F. Lesgafta. - 2020. - №8(186). - С. 218-223.
- 7 Sidorchuk S.A. Nekotorye osobnosti realizacii broskov v sorevnovatel'noj deyatel'nosti komand - liderov mirovogo yunosheskogo gandbola // Teoriya i metodika detsko-yunosheskogo sporta. - M.: GCOLIFK. - 2014. - №3. - С. 18-22.
- 8 Solovej O.M. Kompleksnij kontrol' kak faktor upravleniya podgotovkoyu gandbolistov // Vestnik CHDPU im. T.G. SHevchenka. – 2006. - №35. - С. 319-321.
- 9 Maciel F.O., Miranda R., Ferreira Júnior J.B., Goulart T., Brandão F., Werneck F.Z., Bara Filho M.G. Analysis of different training load monitoring methods in youth women handball players // Apunts Sports Medicine. - 2022. - Vol. 57. - №215. - Art. 100381. - DOI: 10.1016/j.apunsm.2022.100381.
- 10 Stojanović M., Stojiljković D., Milanović L. Effects of small-sided games on technical-tactical actions and physical performance in handball: a systematic review // Human Movement. - 2023. - Vol. 24. - №3. - pp. 17-30. - DOI: 10.5114/hm.2023.120499.
- 11 Urazbaev A.A. Gandbol elementteri basym kozgalys ojnandaryn дене tәrbiesi sabarynda қoldanu zholdary // Respublikalyk ғыlymi-teoriyalық konferenciya materialdary. - Tүrkistan, 2018. - B. 365.
- 12 Esirkepov ZH.M., Egizbaev ZH., Kim A.V. Qimylды-kozgalys ojnandary oқыtu әдіstemesi. Oқu-әдіstемеліk құралы. - Kyzylorda, 2020. - 116 b.
- 13 Қарақов А., Tajzhanov S., Қарақов B.S., Abishov K.S. Қозғалыс belsendiligi - дене tәrbiesiniң bastauy: әдіstемеліk құралы. - Алматы, 2022. - 134 b.
- 14 Erzhanov S.Ө. Gandbol ojnynynda қатаң shektelgen zhattyғular әdisin қoldanu // Respublikalyk ғыlymi-praktikalық konferenciya materialdary. - Kyzylorda, 2022. - B. 465.
- 15 Bajzhanov E.K. Dene zhyktemesiniң aғzaға fiziologiyalық әseri // Halyқaralық ғыlymi-praktikalық konferenciya materialdary. - Aқtөbe, 2021. - B. 450.
- 16 Salybekov K., Ajdarov K. Effektivnost' ispol'zovaniya metoda graficheskoy zapisi v igrovom processe // Mater. mezhdunar. nauch.-praktich. конф. - Tashkent, 2024. – С. 360.

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ // ИНФОРМАЦИЯ ОБ АВТОРАХ // INFORMATION ABOUT THE AUTHORS

^aБірінші автор

Есиркепов Жандос Мергенбайұлы - педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

^aПервый автор

Есиркепов Жандос Мергенбайұлы - кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан.

^aThe First Author

Yessirkeпов Zhandos - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: zhandos-1978@mail.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2542-6246>

Абдиллаев Абдыкалык Кошербаевич - қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Абдиллаев Абдыкалык Кошербаевич - ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

Abdillayev Abdykalyk - Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: mr.adbikalyk@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0009-0008-0267-2042>

Искаков Тайыржан Бахытбаевич - PhD, қауымдастырылған профессор, Халықаралық туризм және меймандостық университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Искаков Тайыржан Бахытбаевич - PhD, ассоциированный профессор; Международный университет туризма и гостеприимства, г. Туркестан, Казахстан.

Iskakov Taiyrzhan - PhD., Associate professor, International University of Tourism and Hospitality, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: taiyrzhan.iskakov@bk.ru

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7499-9297>

Баймуханбетов Бағдат Мухтарович – PhD, қауымдастырылған профессор, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

Баймуханбетов Бағдат Мухтарович - PhD, ассоциированный профессор, Международный казахско-турецкий университет им. Ходжи Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

Baimukhanbetov Bagdat - PhD, Associate Professor, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: bagdat.baimukhanbetov@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5153-1088>

^bХат-хабарларға арналған автор

Қуанышбаев Бахытжан Жанадилевич - аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан қ., Қазақстан.

^bАвтор для корреспонденции

Қуанышбаев Бахытжан Жанадилевич - старший преподаватель, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясави, г. Туркестан, Казахстан.

^bThe Author for Correspondence

Kuanyshbayev Bakhytzhан Zhanadilovich - Senior Lecturer, Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

e-mail: bakhytzhан.kuanyshbayev@ayu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0009-0003-0927-098X>

Мақала түскен күні: 25.12.2025

Мақала басылымға қабылданған күні: 30.01.2026